«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

020000, Көкшетау қ., Сәтпаев к., 1-үй, Б корпусы
Тел: 8 (7162) 251493 Факс: 256278
E-mail: fink.kokshe@minfin.gov.kz

020000, г. Кокшетау , ул. Сатпаева, 1, корпус Б
Тел: 8 (7162) 251493 Факс: 256278
E-mail: fink.kokshe@minfin.gov.kz

26.07.2018 № 05/ФЛ-О-142

«Сакура» ЖК
Астана қаласы Алматы шағын ауданы Кенесары көшесі 89/11

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (одан әрі - Департамент) Сіздің 2018 жылғы 16 шілдедегі №15 (18359) (16.07.2018 жылғы кіріс №ФЛ-О-142) ұйымдастырушысы "Целиноград ауданының тұрғын үй инспекциясы және коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі (одан әрі - Ұйымдастырушы) ашық конкурс тәсілімен «Ақмола облысының Целиноград ауданы Косшок,Тастақ бекеттері және Талапкер, Қажымұқан ауылдарына су тазалау бойынша жергілікті станциясын сатып алу және орнату» №2579501-2 мемлекеттік сатып алуын жүргізуі барысында ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларының бұзылуы жіберілген сұрақтары бойынша арызыңызды қарастырып келесі ақпаратты жолдайды. Шағымда көрсетілген дәлелдер өз растауын тапқан жоқ.

Ұйымдастырушымен веб-порталда техникалық өзіндік ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге қатысты келесі талаптар қойылған:

...Конкурстық өтінімді ашқан кезде келесі түпнұсқалардың сканерден өткізілген көшірмелерін ұсыну қажет: Құрылғының төлқұжаты; Сәйкестік сертификаты; Сапа сертификаты.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (ары қарай - Қағида) 150 тармағы 2 тармақшасына сәйкес «Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер:

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

конкурстық құжаттама техникалық ерекшеліктің орнына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық

құжаттаманы қамтыған жағдайларды қоспағанда, техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы».

Камералдық бақылау нәтижесі бойынша Сіздің конкурсқа қатысуға өтініміңіздегі қоса берілген техникалық өзіндік ерекшелігіңіз ұйымдастырушының техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкес келмейді, атап айтқанда Сіздің өтініміңізде *Құрылғының төлқұжаты, Сәйкестік сертификаты және Сапа сертификаты жоқ.*

Яғни, конкурстық комиссияның Сіздің өтініміңізді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі бойынша қабылдамауы заңды болып табылады.

Сонымен қатар, камералдық бақылау нәтижесі бойынша әлеуетті өнім берушілер «ABIROY GROUP» ЖШС мен «Хамитов Д.М.» ЖШС конкурстық өтінімдерінің конкурстық құжаттамаға сәйкес болып жіберілгені заңға сәйкес болып табылады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 Заңының 12 бабына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Сіздің қабылданған шешімге арыз беруге құқығыңыз бар.

Басшының м.а. **О. Омаров**

Орынд. Тулебаева З.
Тел. 40-27-44